



"Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ - 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 қарашада № 25366 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10734 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

А. Цой

Денсаулық сақтау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 23 қарашадағы
№ ҚР ДСМ – 123 Бұйрығымен
бекітілген

"Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің (бұдан әрі - Ереже) 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ыдыстарға құйылған алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ауыз суды өндіру объектілеріне (бұдан әрі – объектілер), алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

2. Санитариялық қағидалар:

1) объектілерді салуға жер учаскесін таңдауға, жобалауға, жаңасын салуға, жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта

жоспарлауға және кеңейтуге, объектілерді жөндеуге, пайдалануға беруге, қайта бейіндеуге, күтіп-ұстауға және пайдалануға;

2) сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге және ауа баптауға;

3) алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) алкоголь өнімі – Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 98 шешімімен қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың "Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 047/2018) № 1 қосымшасында көзделген тізбеге енгізілген өнімді қоспағанда, тамақ шикізатынан өндірілген этил спирті және (немесе) этил спиртінің көлемдік үлесі 0,5 пайыздан асатын құрамында спирті бар тамақ өнімдерін пайдаланбай немесе пайдалана отырып дайындалған тамақ өнімі;

2) "жылжымалы атыз" – арпаны өсіруге арналған арнайы жабдық;

3) кега – металл цилиндр немесе ішкі беті герметикалық жабық арнайы фитингімен жабдықталған, тамақ өнімдерімен жанасу арқылы қолдануға рұқсат етілген басқа да материалдардан жасалған ыдыс;

4) купаждық ыдыстар – сапасын жақсарту, белгілі бір типтегі және құрамдағы бұйымды алу үшін белгілі бір қатынастардағы әртүрлі тамақ өнімдерін араластыруға арналған ыдыстар;

5) санитариялық өңдеу – үй-жайларды, жабдықтарды, жиһазды, құрал-саймандарды, мүкәммалды, ыдыстарды, цех ішіндегі көп айналымды қаптаманы, көп айналымды көліктік қаптаманы, санитариялық арнайы киімді және жеке қорғаныш құралдарын, көлік құралдарын, контейнерлер мен сыйымдылықтарды тазалауды, жууды және дезинфекциялауды қамтамасыз ететін технологиялық тәсілдердің жиынтығы;

6) сатуратор – сұйықтықтарды көмір қышқыл газымен қанықтыруға арналған аппарат;

7) сергітетін сусындар – шайды, кофе мен олардың негізіндегі сусындарды қоспағанда, адам ағзасына сергіту әсерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде құрамында сергітетін, оның ішінде өсімдіктен алынатын заттар (компоненттер) бар алкогольсіз және алкогольді сусындар;

8) технологиялық жабдық – өндірістің жұмыс істеуіне қажетті тетіктер, машиналар, құрылғылар, аспаптар жиынтығы;

9) өнген дән жармасы – дақылдардың өсірілген дәндерінің өнімі;

10) фитинг – сұйықтық беретін түтікпен қосылған, кегтің түбіне дейін жететін, кегті жууға, толтыруға және босатуға мүмкіндік беретін құрал.

4. Осы Санитариялық қағидаларда қолданылатын осы тарауда арнайы айқындалмаған терминдер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентімен (бұдан әрі – КО ТР 021/2011), Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 45 шешімімен қабылданған "Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен (ЕАЭО ТР 044/2017), Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 98 шешімімен қабылданған "Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен (ЕАЭО ТР 047/2018), Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 769 шешімімен бекітілген "Қаптаманың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентімен (КО ТР 005/2011), әсер ету күші тамақ өнімдеріне таралатын техникалық регламенттермен белгіленген мәндерде пайдаланылады.

2-тарау. Құрылыс салуға жер учаскесін таңдауға, жаңа объектілерді жобалауға, салуға, бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және кеңейтуге, объектілерді жөндеуге, пайдалануға беруге, қайта бейіндеуге, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

5. Объектілерді салуға жер учаскесін таңдау, жобалау, жаңасын салу, жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, объектілерді жөндеу, пайдалануға енгізу, қайта бейіндеу "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер), Кодекстің 46-бабының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22673 болып тіркелген) бекітілген "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-36 Бұйрығы), Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің, Еуразиялық экономикалық одақтың

өнімдеріне (тауарларына) қойылатын техникалық регламенттер және бірыңғай санитариялық – эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға (бұдан әрі- нормалау құжаттары) сәйкес айқындалады.

6. Алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру жөніндегі қуаты аз объектілер үй-жайларының жиынтығы мен алаңы объектінің қуатын, пайдаланылатын азық-түлік (тамақ) шикізаты мен тамақ өнімін өндірудің технологиялық процесін, технологиялық жабдықты, механикаландыру құралдарын, буып-түю және тығындау тәсілін, пайдаланылатын буып-түю үлгі мөлшерін ескере отырып айқындалады.

Алкогольсіз өнімдерді, ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру жөніндегі қуаты аз объектілерде 021/2011 КО ТР техникалық регламентіне сәйкес ұсынылатын өнімнің оны өндіру кезіндегі қауіпсіздік рәсімдері сақталған жағдайда, олардың реттілігі мен ағымдылығын сақтай отырып, бір үй-жайда жекелеген функционалдық аймақтарды (учаскелерді) бөле отырып, өнім өндірудің технологиялық процестерін орналастыруға және жүргізуге жол беріледі.

7. Объектілердің үй-жайларына, ғимараттары мен құрылыстарына ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу технологиялық процестердің, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес өндірістік бақылау шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъект белгілейтін кезеңділікпен жүзеге асырылады.

8. Объектілердің үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын, жабдықтарын ұстау және пайдалану, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, сақтау және тасымалдау, өндірістік бақылауды жүзеге асыру, еңбек жағдайлары, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қамтамасыз ету және персоналды гигиеналық оқыту КО ТР 021/2011 техникалық регламентінің, № ҚР ДСМ-36 бұйрығының және нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Объектілерді пайдалану Кодекстің 19, 20, 24 және 46-баптарына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабына сәйкес осы Санитариялық қағидалар сақталған кезде жүзеге асырылады.

Жұмыс істеп тұрған объектілер нормалау құжаттарына сәйкес тамақ өнімдерін өндіру объектісінің есептік нөмірін беруге жатады.

10. Ғимараттардағы, қондырғылар қасындағы жұмыс орындарының физикалық факторларының рұқсат етілген деңгейі (микроклимат, жарық, шу, дiрiл, инфра-ультрадыбыс, иондаушы және иондаушы емес сәулелену), жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың, елді мекендердің, қоршаған ортаның (топырақтың) атмосфералық ауасындағы ластаушы заттардың болуы Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін адамға және қалалық

және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға әсер ететін физикалық факторларға, радиациялық қауіпсіздікті, қоршаған ортаның (топырақтың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерге және нормалау құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

11. Тамақ өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстарды, контейнерлер мен көлік құралдарының жүк бөлімшелерін, объектінің үй-жайларын дезинсекциялау, дератизациялау, үй-жайларды, көп айналымды көлік қаптамасын (ыдысын), ыдысты, жабдықты, мүкәммалды жиһазды, дезинфекциялау, тазалау, жуу үшін Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген және қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау, тазалау, жуу құралдары пайдаланылады. Құралдар таңбалау, олардың қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттама, қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар (Одақты мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) болған кезде қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланылады.

Құралдарды сақтау тамақ өнімдерінен оқшау, дайындаушы белгілеген сақтау шарттарын сақтай отырып, дайындаушының қаптамасында тығыз жабылған арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырылады. Олардың тамақ өнімдеріне түсуіне жол берілмейді.

3-тарау. Сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге және ауа баптауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

12. Объектілер сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің, КО ТР 021/2011 техникалық регламентінің, № ҚР ДСМ-36 бұйрығының және нормалау құжаттарының талаптарына, өнім өндірудің технологиялық процестеріне, шикізатты, тамақ өнімдерін, қосалқы материалдарды сақтау шарттарына сәйкес сумен жабдықтаумен, суды бұрумен, жылумен жабдықтаумен, жарықтандырумен, желдеткішпен және ауа баптаумен қамтамасыз етіледі.

Көліктік қаптамадағы тез бұзылмайтын тамақ өнімдерін, шикізат пен қосалқы материалдарды сақтауға арналған қойма үй-жайларында өнімге арналған таңбалауда немесе тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген оларды дайындаушы белгілеген сақтау шарттары сақталған және қызмет көрсетуші персонал үшін еңбек жағдайлары жасалған жағдайда сумен жабдықтаудың, суды бұрудың және жылумен жабдықтаудың болмауына жол беріледі.

13. Ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру үшін шикізат ретінде жерасты суын өндіру олардың құрылғысына сәйкес белгіленген санитариялық қорғау аймағы бар болғанда өнеркәсіптік санаттар бойынша судың бекітілген пайдалану қоры

бар жерасты суының шығатын орындарында (учаскелерінде) жүзеге асырылуы тиіс.

14. Сумен жабдықтау көзіне (ұңғыманы қоса алғанда) тікелей іргелес аумақта суды алу (жинау) кезінде оның ластануының алдын алу үшін шараларды қамтамасыз ету көзделеді. Объектілерде сумен жабдықтау көзіне тікелей іргелес аумаққа бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді, тиісті құрылғыларды (мысалы, бөгеттер) орнату немесе құрылыстарды салу қамтамасыз етіледі. Бұл аумақта су алумен (жинаумен) байланысты емес кез келген қызметке жол берілмейді.

15. Өндірістік, шаруашылық-ауыз су мақсатына арналған су резервін сақтауға арналған объектілерде және тамақ өнімдерін өндіру қуаты мен процесіне байланысты су беруді тоқтату кезеңінде зерттеуге арналған су сынамаларын алуға арналған құрылғылармен және қосалқы құрылғылармен (қапсырмалар, баспалдақтар, люктер, су ағызуға арналған траптар) жабдықталған жинақтаушы резервуарлар көзделеді.

Қосалқы суға арналған резервуарлар орнатылған үй-жайлар оқшауланады, пломбланады және таза ұсталады.

16. Ауыз су қорына арналған резервуарлардың люктері құлыппен жабылады, пломбланады, резервуарларға айыратын таңба салынады. Суды рециркуляциялау әрбір 48 сағат сайын (бұдан әрі – сағат), құюға келіп түсетін суды сақтау үшін – 24 сағат сайын жүргізіледі, резервуарларды механикалық тазарту және дезинфекциялау қағаз және (немесе) электрондық ақпарат тасығыштарда есепке алу құжаттамасын жүргізуді және сақтауды қамтамасыз ете отырып, өндірілетін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өндірістік бақылау шеңберінде дайындаушы белгілеген кезеңділікпен жүргізіледі.

17. Алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру процесінде пайдаланылатын сумен қамтамасыз ету Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Алкоголь өнімін өндіруге арналған объектілерде ЕАЭО ТР 047/2018 техникалық регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келетін су пайдаланылады. Ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру үшін ЕАЭО ТР 044/2017

техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келетін суды пайдалану қамтамасыз етіледі.

18. Спиртті қабылдау және спиртті беру бөлімшелерінің, спирттелген тұнбалар бөлімшелерінің, қант қоймаларының, аммиакты және көмірқышқыл компрессорлары, ұнтақтау, сульфитациялау бөлімшелерінің, шайырлау цехтарының үй-жайларында жылыту, желдету, ғимараттарда ауа баптау және ауамен жылыту жүйелері үшін ауаның кері циркуляциясын пайдалануға жол берілмейді.

19. Көмірқышқыл компрессор бөлімшелерінің, ашыту және ашытуға дейінгі цехтардың сору желдеткішінің ауа сору құрылғыларын үй-жайдың төменгі бөлігінде еденнен 0,2 метр (бұдан әрі – м) биіктікке, аммиакты компрессор қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелерінде үй-жайлардың жоғары және төменгі бөліктеріне орнатады.

20. Спирт, сыра қайнату өндірісінің дайындау цехтарының көлік жабдығын шаң-тозаңның бөлінуіне байланысты герметизациялайды немесе шаң тұтқыш және шаң сорғыш құрылғылармен жарақталған жабық тыспен қаптайды. Үйінді шұңқырлары мен бункерлерді жергілікті сору желдеткішімен жабдықтайды.

4-тарау. Алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

21. Алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды (бұдан әрі – өнім) өндіру және сақтау процестерін ұйымдастыруды объектінің қуатына қарамастан, дайындаушы КО ТР 021/2011, ЕАЭО ТР 047/2018, ЕАЭО ТР 044/2017 техникалық регламенттерінің, № ҚР ДСМ-36 бұйрығының, тамақ өнімдеріне қолданылатын техникалық регламенттерінің және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді.

22. Өнімді өндіру КО ТР 021/2011 техникалық регламентінің, № ҚР ДСМ-36 бұйрығының талаптарына сәйкес өндіріс процесінде технологиялық жабдық пен мүкәммалды пайдалана отырып, оны өндіру қалдықтарын сақтау және жою жағдайларын қамтамасыз ете отырып, өндірістік үй-жайларда жүзеге асырылады.

23. Шикізатты қабылдау, қайта өңдеу (өңдеу), өндіру, өлшеп-орау (күю), сақтау, тасымалдау және өткізу процестерінің барлығы объектінің қуатына қарамастан, оларды ластанудан және бүлінуден, оларға бөгде заттар мен заттардың (оның ішінде металл, ағаш заттар, пластик, шыны) түсуінен сақтайтын жағдайларда жүргізіледі.

Өнімді өндіру кезінде оның қауіпсіздігін (химиялық, биологиялық және физикалық) қамтамасыз ететін, азық-түлік (тамақ) шикізаты мен тамақ өнімдерінің ластануын болдырмайтын технологиялық процестердің дәйектілігі мен ағымдылығы қамтамасыз етіледі.

24. Жаңа түрдегі өнім және мамандандырылған тамақ өнімдері Кодекстің 19 және 22-баптарында, КО ТР 021/2011 техникалық регламентінде және нормалау құжаттарында көзделген талаптарға сәйкес оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін өндіруге, сақтауға, тасымалдауға (тасымалдауға) және өткізуге жіберіледі.

25. Өмірдің бірінші жылындағы балаларға арналған балалар тағамы үшін арнайы тамақ өнімдерін (алкогольсіз өнімдерді, ыдыстарға құйылған ауыз суды) өндіруге арнайы өндірістік объектілерде немесе арнайы цехтарда немесе арнайы технологиялық желілерде ғана жол беріледі.

0-ден 3 жасқа дейінгі балаларға арналған балалар тағамы үшін ауыз суды құю тек табиғи ауыз суды және табиғи минералды суды құюға арналған өндірістік желілерде жүзеге асырылады. Бұл ретте 0-ден 3 жасқа дейінгі балаларға арналған балалар тағамы үшін ауыз суды құю үшін сусындар өндіруге арналған өндірістік желілерді пайдалануға жол берілмейді. Балалар тамағына арналған ауыз суды шығарар алдында өндірістік желілер жуылады және дезинфекцияланады.

26. Өнімді өндіру кезінде 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің және (немесе) күші тамақ өніміне қолданылатын техникалық регламенттерінің талаптарына, сондай-ақ өнімді дайындаушының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының және (немесе) техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін шикізат пайдаланылады.

Өнімді өндіру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 58 шешімімен қабылданған, Кеден одағының "Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық көмекші құралдардың қауіпсіздік талаптары" (КО ТР 029/2012) техникалық регламентінде айқындалған, оның талаптарына сәйкес келетін тағамдық қоспалар, хош иістендіргіштер, ферменттік препараттар, технологиялық көмекші құралдар пайдаланылады.

Алкоголь өнімін өндіру кезінде КО ТР 029/2012 және ЕАЭО ТР 047/2018 техникалық регламенттерінде айқындалған тағамдық қоспаларды пайдалануға жол беріледі. Алкоголь өнімінде КО ТР 029/2012 техникалық регламентінде айқындалған табиғи хош иістендіргіштердің (табиғи дәмдік хош иісті заттар мен препараттардың) болуына жол беріледі.

27. Тамақ өнімдерін, оның ішінде азық-түлік (тамақ) шикізатын объектілерге қабылдау оның қадағалануын қамтамасыз ететін таңбалау және тауарға ілеспе құжаттама, оның ішінде техникалық регламенттерде көзделген, оның қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар болған кезде жүзеге асырылады. Тасымалдау шарттары мен режимі бұзылған, сондай-ақ

тауарға ілеспе құжаттама мен таңбалау болмаған жағдайда, тамақ өнімдері мен азық-түлік (тамақ) шикізаты объектілерге қабылданбайды.

28. Зиянкестермен зақымданған азық-түлік (тамақ) шикізаты немесе жартылай фабрикаттар оқшауланады және қайта сұрыпталады. Сұрыпталған шикізат қайта өңдеуге жіберіледі, зақымданған шикізат кәдеге жаратылуға жатады.

29. Өнімді өлшеп-орау (қю) үшін жарамдылық мерзімі ішінде оның айналысы кезінде оның қауіпсіздігін және өнімнің тұтынушылық қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін және КО ТР 005/2011, ЕАЭО ТР 044/2017, ЕАЭО ТР 047/2018 техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келетін қаптама (тығындау құралдары) қолданылады.

Өндірісте сақтау шарттары сақталған кезде тұтыну қаптамасының герметикалығын және жарамдылық мерзімі ішінде өнімнің тұтынушылық қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін орау және тығындау тәсілдері, буып-түю түрлері, тығындау құралдары пайдаланылады.

Тұтынушылық және көліктік қаптама, дайын өнімге арналған тығындау құралдары біртекті, мөлдір, беті тегіс, көзге көрінетін ақауларсыз, бүлінген венчиксыз, сызаттарсыз, бөгде қосындыларсыз, көпіршіктерсіз, ағындыларсыз немесе бөгде иіссіз өндірісте пайдаланылады, олар болған жағдайда – жарамсыз деп танылады.

Дайын өнімге арналған буып-түю, тығындау құралдары қю алдында, шыны шөлмектер шөлмек жуатын машиналардың ванналарына тиеу алдында бракераждалады.

Буып-түю, тығындау құралдары объектіге және қю желісіне герметикалық қаптамада, таза құрғақ түрде келіп түседі, қю алдында технологиялық желіде көзделген алдын ала шаюға жатады. Герметикалық емес қаптамада келіп түсетін буып-түю, тығындау құралдары кейіннен шайылып, жуылуға жатады.

30. Қаптаманы жуу (қолмен немесе шөлмек жуатын машиналарда), дезинфекциялау қолдануға рұқсат етілген жуу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, қоса берілген қолдану нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі. Шөлмектер 1,5 атмосферадан (бұдан әрі – атм) кем емес қысыммен шайылады. Қаптаманы және тығындау құралдарын өңдеу (зарарсыздандыру) үшін қолдануға рұқсат етілген ультракүлгін сәулеленуді (УК-зарарсыздандыру) қоса алғанда, өңдеу тәсілдері қолданылады.

31. Жуылған қаптаманы (шыны шөлмектерді қоса алғанда) жарық экранында немесе автоматты инспекторлар бақылауға алады, жеткіліксіз жуылған қаптама қайта жууға қайтарылады. Ыдысты қышқыл негізді жуу оқшауланған үй-жайда, арнайы жуу ванналарында немесе машиналарда жүргізіледі.

32. Шөлмек жуатын машиналарды тазалау және зарарсыздандыру пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Жуу ерітіндісін суды бұру жүйесіне ағызғаннан кейін жуу ванналары заттаңбалардың, шынының қалдықтарынан және қоқыстардан тазартылады. Жуу ванналарының ішкі беті дезинфекциялау жүргізіле отырып, санитариялық өңдеуден өтеді. Жуылған ванналар жаңа жуу ерітіндісімен толтырылады.

33. Шөлмек жуатын машиналардың жұмыс режиміне техникалық және өндірістік зертханалық бақылау белгіленеді, оның нәтижелері объектінің есепке алу құжаттамасында тіркеледі.

34. Өндіріс қалдықтарын, оның ішінде сынған шыныны жинау үшін тұтыну қалдықтарын жинауға арналған контейнерлерден бөлек арнайы контейнерлер (бункерлер) көзделеді, оларды босату тікелей машинаның шанағына өздігінен ағумен жүргізіледі.

35. Тығындау құралдары өндірістік цехқа жабық қаптамада – қақпақтарды тығындау автоматының бункеріне тиеудің алдында тікелей ашылатын көліктік қаптаманың ішкі полимерлік жапсырмасында (қап, пакет) беріледі. Зақымдалған қаптамада тығындау құралдарын қабылдауға жол берілмейді. Тығындау құралдары таңбалауда көрсетілген жағдайларда және дайындаушылардың ерекшеліктеріне сәйкес сақталады.

36. Тығындалған тұтынушылық және көліктік қаптама (бутылдерді, шөлмектерді қоса алғанда) толтыру деңгейіне, тығындау құралдарымен тығындау жағдайына және бөгде қоспалардың болмауына бақыланады. Тексеру құюда және экспедицияда жүргізіледі.

37. Шөлмек жуатын машиналардың жұмыс режимін бақылау өндірістік бақылау шеңберінде дайындаушы белгілеген кезеңділікпен (температура, сілтінің болуы) жүзеге асырылады.

38. Суға арналған сүзгілер, шөлмек жуатын машиналардың торлары ластануына қарай және өндірістік бақылау шеңберінде дайындаушы белгілеген кезеңділікпен тазартылады және жуылады. Түсіру құбырларында және машинаның басқа бөліктерінде пайда болатын қақ механикалық немесе химиялық жолмен алынады.

39. Өніммен бірге тұтынушылық және көліктік қаптама тығындалғаннан кейін бракераж автоматтарында көзбен шолып бақылауға жатады.

40. Тығындау автоматы арқылы өткен және тығындалмаған өнімдері бар тұтынушылық қаптаманы (шөлмектерді қоса алғанда) ішіндегісінен босатады және қайта жууға жібереді.

41. Өндіріс тоқтатылған кезде (оның ішінде түскі үзіліс кезінде) тығындалмаған тұтыну қаптамасын (бөтелкесін) тығындау автоматтарының алдында қалдыруға болмайды.

42. Дайын өнімде бөгде қосындылар анықталған жағдайда құю желісіндегі барлық партия қайта бракераждалады.

43. Жұмыс процесінде алынатын шыны сынықтары толуына қарай босатылатын арнайы жабылатын контейнерлерге (бункерлерге) жиналады. Жұмыс аяқталғаннан кейін контейнерлер (бункерлер) өндірістен объект аумағындағы арнайы бөлінген орындарға шығарылады.

44. Тұтыну қаптамасын (бөтелкелерін) қолмен жуу кезінде жуу ванналарындағы су ластануына қарай және өндірістік бақылау шеңберінде дайындаушы белгілеген кезеңділікпен өзгереді. Ауысым аяқталғаннан кейін жуу ванналары дезинфекция жүргізе отырып, санитариялық өңдеуден өтеді.

45. Алкогольсіз өнімдерді (квас, морс қоса алғанда) тасымалдау цистерналарын жуу үшін суық, ыстық су және бу келтірілген эстакада жабдықталады.

46. Автоцистерналарды толтырмас бұрын санитариялық өңдеуге жатады: шөгінділер щеткамен тазартылады, ағынды сумен жуылады, люк жабық болған кезде 5-6 минут (бұдан әрі – мин.) бойы буланады. Квасты өндіруге, сақтауға және тасымалдауға арналған сыйымдылықтардың люктері қызмет көрсетуші персоналдың ішкі беттерді ішінен механикалық щеткалармен жуу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

47. Бөшкелер, кегтер құю алдында санитариялық өңдеуден өтеді: салқын сумен жуылады, қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жуу, дезинфекциялау құралдарымен (өндіріс ерекшелігіне, өнім түріне байланысты) өңделеді, ауамен үрленеді, содан кейін ыстық сумен шайылады және бумен өңделеді.

48. Қазіргі заманғы өнімділігі жоғары жабдықты жуу және дезинфекциялау үшін осы жабдығы жоқ қуаты аз объектілерді қоспағанда, белгіленген жуу бағдарламасына сәйкес жұмыс істейтін жабық үлгідегі орталықтандырылған жуу станциялары пайдаланылады.

49. Герметикалық емес қаптамада келіп түсетін полимерлік материалдардан жасалған қаптама қолданар алдында жуылып, кейіннен шайылады.

50. Шарап жасау, сыра қайнату өнімдерін, ыдыстарға құйылған ауыз суды құю желісіне жібермес бұрын тығындау құралдары қоса беріліп отырған қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолдануға рұқсат етілген өңдеу тәсілдерін пайдалана отырып және (немесе) қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен өңделеді.

51. Объектілерде:

1) өнімнің лас және пішіні бұзылған, сынудың айқын белгілері бар тұтыну қаптамасына құйылуына;

2) өнімді лас және пішіні бұзылған, айқын сынық белгілері бар, зақымдалған тығыны бар, жалпы лайлануы, бөгде қоспалары, тұнбасы бар (коллекциялық шараптардан, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда және (немесе) өнімнің нақты түріне арналған техникалық құжаттамада көзделген басқа) қаптамада сақтауға, тасымалдауға және өткізуге;

3) қолдануға рұқсат етілген тамақ өнімдерімен жанасуға арналған материалдардан жасалған қаптаманы қоспағанда, өнімді (алкогольсіз өнімді, ыдысқа құйылған ауыз суды) құю және сақтау үшін бір рет пайдаланылатын қаптаманы, синтетикалық материалдардан және поликарбонаттан жасалған қаптаманы қайта пайдалануға;

4) тамақ өнімдерімен жанасуға арналмаған материалдардан жасалған қаптаманы (тығындау құралдарын) пайдалануға;

5) қаптамада, тығындау құралдары мен заттаңбаларда желім қалдықтарының және ластанудың болуына жол берілмейді.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген өнім, сондай-ақ техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім, оның ішінде жарамдылық мерзімі өткен өнім мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісу бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау органдары не өнім дайындаушысы осындай өнімді пайдалану, қайта өңдеу, кәдеге жарату не жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдағанға дейін және қайта өңдеу, кәдеге жарату не жою жүргізілгенге дейін объектіде оған қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайтын шарттар сақталған кезде сақталады және есепке алынады.

Мұндай өнімді сақтау қоймалық үй-жайларда (аймақтарда, учаскелерде), объектінің аумағында стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың және (немесе) дайындаушының өнімге арналған техникалық құжаттамасының талаптарына және дайындаушы белгілеген, таңбалауда немесе өнімге арналған тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген сақтау шарттарына сәйкес "Өткізуге жатпайды" деген жазу көрсетіле отырып, жеке қамтамасыз етіледі. Бұл жазу көру кемістіктерін түзету үшін пайдаланылатындарды (көзілдірікті, жанаспалы линзаларды қоса алғанда) қоспағанда, оптикалық құралдарды қолданбай ақпаратты оқу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, рең түстері мен жазулар арасындағы контраст ескере отырып жазылады.

Мұндай өнім үшін жеке қойма үй-жайын бөлу мүмкін болмаған кезде оны өзге түрдегі тамақ өнімдерімен және тағамдық емес өнімдермен бір үй-жайда, оның

өзге түрдегі тамақ өнімдерімен және тағамдық емес өнімдермен жанасуын, тамақ өнімдерінің ластануын және (немесе) органолептикалық қасиеттерінің өзгеруін болдырмайтын жағдайларды қамтамасыз ететін әртүрлі аймақтарда (учаскелерде) орналастыруға жол беріледі.

52. Өнімді өндіру кезінде қаптамаға өнім туралы ақпаратты енгізу қамтамасыз етіледі. Өнімді таңбалау Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 881 шешімімен бекітілген "Таңбалау бөлігіндегі тамақ өнімі" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 022/2011), ЕАЭО ТР 044/2017, ЕАЭО ТР 047/2018 техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

